

Пазиров Ержан Джаркинбаевичтің «Кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» атты тақырыбында 6D020300 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық зерттеу жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі Мұқтар Әуезов кезінде Кентау қаласы туралы «бұл қала әлдебір мәдениетті, өнерлі Еуропаның немесе үлгілі Шығыстың көркем шаһарын танытқандай. Кентауды «қазыналы Қаратаудың тәжі дер едім» деген пікірді айтқаны мәлім. Бұл айтылған пікірде ешқандай да жасандылық жоқ-тын. Ұлы жазушы қалаға Ащысай полиметалл комбинаты жұмысының гүлденген шағында барған еді. Өмір шындығы сондай, одан бері біраз уақыт өтті, қаланың өмірге келуіне себепші болған кен қорлары да сарқылды. Сонымен бірге қала өмірінде де түрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелер төбе көрсетті. Енді бүгін тәуелсіз Қазақстан мемлекеті Кентау сияқты моноқалалар мәселесін шешуге байланысты бағдарламалар қабылдап, сол мәселелердің шешімін табуға күш салуда.

Бұл мемлекет көлемінде жүргізіліп отырған іс-шарадан тарихшылар қауымы да, әрине, шет қала алмайды. Жалпықоғамдық іске өз үлесін қосуға міндетті.

Осы тұрғыдан алғанда Е.Д. Пазировтың диссертациялық зерттеуі Кентау қаласының советтік кезеңдегі жүріп өткен жолына ғылыми әдіс-құралдар арқылы жаңаша талдау жасап, әсем шаһардың бүгінгі өмірін, оның түрлі әлеуметтік-мәдени мәселелерінің түп-тамырын тарихи контексте қарау арқылы жалпықоғамдық мәселеге өз үлесін қосуды көздейді. Бұл ретте диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы да, сондай-ақ алдына қойған міндеттері де мемлекеттік бағдарлама аясында, оған үндес және сәйкес деп тұжырымдауға толық негіз бар. Сонымен бірге Е.Д. Пазировтың зерттеу жұмысында Кентау қаласының мысалында еліміздегі моноқалалардың қалыптасу генезисі мен тарихи дамуын зерттеу арқылы советтік кезеңдегі өнеркәсіптік модернизация үдерісін бүгінгі көзқарас биігінен зерделеуге талпынуы тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

Соңғы уақыттарда әлемдік тарих ғылымында қоғамның саяси, экономикалық жүйесі сияқты ауқымды мәселелерден шағын әлеуметтік топтарды зерттеуге, белгілі бір тарихи кезеңдегі құбылыстар кешенін терең түсінуге мүмкіндік беретін жеке адамның күнделікті шынайы өміріне, сондай-ақ, әлеуметтік үдерістердің ішкі терең қойнауына енуімен ерекшелінетін микротарихи зерттеулерге басымдылық берілуде. Осы тұрғыда зерттеу жұмысы отандық тарихнамада жаңа методологиялық құралдардың бірі болып табылатын күнделікті өмір тарихы бағыты аясында жүргізілуімен маңызды. Диссертациялық жұмыстың жоспары тақырыпты мүмкін болғанша жан-жақты әрі терең ашуға мүмкіндік береді, ал оның мазмұны, мақсаты мен міндеттері,

зерттеу нәтижесінде қол жеткізген ғылыми жаңалықтары оған қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Кез-келген тарихи зерттеудің мазмұны, ғылыми нанымдылық деңгейі оған негіз болған дерек көздерінің молдығына, зерттеушінің бұрын мәлім және жаңадан айналымға тартылған фактілік материалдарды өз дәрежесінде қорыта білуімен тығыз байланысты. Диссертанттың бұл міндетті тиесілі дәрежеде орындап шыққандығын жұмыспен танысып шығып көз жеткізуге болады. Зерттеу жұмысында тақырыпқа тікелей қатысы бар отандық және ресейлік сегіз архив мекемелерінің құжаттық материалдары қолданысқа түскен. Атап айтқанда: Қазақстан Республикасының Президент Архиві (ҚРПА), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА), Оңтүстік Қазақстан облысы Мемлекеттік архиві (ОҚОМА), Шымкент өңірлік мемлекеттік архиві (ШӨМА), Кентау өңірлік мемлекеттік архиві (КӨМА), Ресей мемлекеттік экономика архиві (РМЭА), Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМЭСТА), Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА).

Диссертациялық жұмыста бұрын ғылыми айналымға түспеген жаңа фактілік деректермен қатар, сол кезеңнің тірі куәгерлерінен алынған тарихи интервью мәліметтері, мемуарлық естеліктер, сондай-ақ, мерзімді баспасөз материалдары кеңінен қамтылған.

Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық түрде өзара байланысты және ішкі бірлігі сақталған.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы отандық тарихнамада тұңғыш Кентау қаласы тұрғындарының кеңестік кезеңдегі күнделікті өмір тарихы арнайы зерттеу мәселесі ретінде кешенді қарастырылуымен құнды. Сонымен қатар, жұмыста Кентау қаласының мысалында соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген Қазақстанның моноқалаларының салынуына себеп болған тарихи алғышарттар дәйектелді. Автор қаланың кеңестік кезеңдегі архитектуралық келбеті мен инфрақұрылымының қалыптасуын қарастырып, қаланың ірі өнеркәсіп ошағы маңындағы «жоспарлы қала» ұғымына сай деген ғылыми тұжырымға келеді. Диссертант қала тұрғындарының еңбектегі күнделікті өмір тарихын егжей-тегжейлі зерттеп, қарапайым еңбек адамының басынан кешірген қиыншылықтарына, қала түзуші кәсіпорында кең етек алған жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан жұмысшылар мен инженер-техник кадрларды шеттету құбылысының мән-жайына талдау жасайды. Сонымен бірге Кентау қаласын кеңестік дәуірдегі тарихын көпқырлы және кешенді құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін бірақ бұрын жарық көрмеген архив деректері, мерзімді баспасөз материалдары, тұрғындардың күнделікті өмірінен хабар беретін фотосуреттер, кеңестік кезеңде өмір сүрген қала тұрғындарының естеліктері мен сұхбаттары молынан ғылыми айналымға тартылады.

Диссертациялық жұмыста оның теориялық және әдіснамалық негізі ретінде күнделікті өмір тарихы бағытындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тәжірибесі мен тұжырымдары басшылыққа алынған. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары Кентау қаласының қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық өмірінде туындап отырған мәселелердің түп-

тамырын бағамдауға, қаланың кенестік кезеңдегі дамуының тарихи тәжірибесін тура қорытуға және ендігі кезеңдегі дамуының ішкі әлеуетін анықтауға, сондай-ақ қала өмірін бүгінгі сұраныстарға бейімдеуге қатысты мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға жағымды ықпалын тигізбек. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «Туған жер» бағдарламасы бойынша Кентау қаласындағы түрлі деңгейдегі оқу орындарында жүргізілетін «Өлкетану» курстарында қосымша дерек көзі ретінде пайдалануға өте қолайлы материал орнына жүрмек.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында Е.Д. Пазиллов Вильнюс қаласындағы Литва Эдукология университетінде ғылыми тағлымдамадан өтіп қайтты. Онда ол диссертацияның әдіснамалық негізін құраған Еуропаның алдыңғы қатарлы ғалымдарының ғылыми зерттеулерімен танысып, күнделікті өмір тарихы бағыты бойынша шетелдік кеңесшісінің ғылыми семинарларына қатысты.

Диссертациялық зерттеуде бірізділік, дәйектілік принциптері толық сақталған, оның практикалық құндылығы мен ғылыми жаңалығы айқын, ал оның авторы өзінің ғылыми жұмысқа бейімділігін таныта білгендігін бас атап өткен жөн.

Университеттегі докторантура институты екі бірдей міндетті көздейді. Оның бірі зерттеуші ғалымды қалыптастыру болса, екіншісі оқытушы-педагогтарды даярлау. Е.Д. Пазиллов докторантурада жүріп осы міндеттерді орындауға лайықтығын байқатқан жас маман.

Қорыта айтқанда, Е.Д. Пазилловтың «Кенестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» атты тақырыпта даярланған диссертациялық зерттеуі аяқталған және дербес орындалған жұмыс ретінде 6D020300 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
Тарих ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі

